



БЕКІТЕМІН  
ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі: С. Сыздықбекова Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1

Шымкент қаласы

27.08.2022жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p><b>№1 Педагогикалық кеңес: Тақырыбы:</b> «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»</p> <ol style="list-style-type: none"><li>Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»</li><li>Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат 2022-2023ж; стандарт 03.08.2022ж № 348 бұйрық; бағдарлама 12.08.2016 №499 бұйрық;) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі - Институт) <a href="http://www.irrd.kz">www.irrd.kz</a> порталы қамтамасыз етеді.</li><li>«Балабақшаның жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»<ol style="list-style-type: none"><li>2022-2023 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.</li><li>Педагогтардың перспективалық жоспарларын,циклограмма, күн тәртібін бекіту.</li><li>Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспарын құру, бекіту.</li></ol></li><li><ol style="list-style-type: none"><li>Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту</li><li>Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.</li></ol><ol style="list-style-type: none"><li>Педагог портфолиосы туралы ақпарат (<a href="http://trk.eportfolio.kz">trk.eportfolio.kz</a>)</li></ol></li><li>Өртүрлі мәселелер. <b>ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.</b> Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар мен жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар.</li><li>Педагогикалық кеңестің шешімі.</li></ol>	Тамыз айы	Меңгеруші Сыздықбекова Ж.С, Әдіскер Тажиева Г.П, Барлық педагог мамандар, Барлық топ тәрбиешілері, Медбике

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №1**

**27.08.2022 ж**

**Тақырыбы:** *«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»*

**Мақсаты:** 2022 – 2023 оқу жылында ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының педагогикалық ұжымының жұмысын ұйымдастыру.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Талдау: «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы»
2. Нормативтік құжаттармен таныстыру (Әдістемелік хат 2022-2023ж; стандарт 03.08.2022ж № 348 бұйрық; бағдарлама 12.08.2016 №499 бұйрық);  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі - Институт) [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz) порталы қамтамасыз етеді.
3. «Балабақшаның жаңа 2022-2023 оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту»
  - 1) 2022-2023 оқу жылындағы міндеттерімен таныстыру.
  - 2) Педагогтардың перспективалық жоспарларын,циклограмма, күн тәртібін бекіту.
  - 3) Вариативтік компонент бойынша жұмыс жоспарын құру, бекіту.
4.
  - 1) Аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту
  - 2) Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту.
  - 3) Педагог портфолиосы туралы ақпарат ([trk.eportfolio.kz](http://trk.eportfolio.kz))
5. Әртүрлі мәселелер.  
**ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМУШЫ ОРТАНЫҰЙЫМДАСТЫРУ.**  
Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар мен жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар.
6. Педагогикалық кеңестің шешімі.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Педагогикалық кеңесті балабақшаның меңгерушісі Сыздықбекова Ж.С ашты. Ол педагогтарды келе жатқан жаңа 2022 – 2023 оқу жылымен құттықтады. Педагогтарға келер жылға күш-жігер шыдамдылық, педагогикалық іс-әрекеттерде шаршамай-талмай жұмыс жасауларына ақ жол тіледі.

2022 – 2023 оқу жылының жоспарымен таныстырып, осы жоспарды педагогикалық кеңесте талқылап меңгеруші Сыздықбекова Ж.С бекітті.

**Сөйледі:** әдіскер Тажобекова Г.П биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар.

2022– 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. *Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:*

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйеге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісі берілген.

### **Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері**

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;

- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іскеасырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған

іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер берілді.

***Ұйымдастырылған іс-әрекет** - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез- құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.*

**Тәрбиелеу-білім беру процесі Перспективалық жоспар, Циклограмма, Бала дамуының мониторингі арқылы жүзеге асырылады.**

**Перспективалық жоспарды** ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

**Циклограмма** әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру – деді.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

**Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:**

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

**Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:**

1) ерте жас тобында және кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар

журналдары, альбомдар, суреттер менкарточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байытуұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылады.

### **ШЕШІМ:**

1. Жылдық тәрбие жоспарын бекіу.
2. Топтарда ата – аналар жиналысы өткізілсін.
3. Балабақшадағы күн тәртібінің дұрыс орындалуын қадағалау.
4. Оқу жылының барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартын басшылыққа ала отырып бекіту және жүзеге асыру.
5. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруды тәрбиешілерге тапсыру.
6. Іс-қағаздарын ұқыпты жүргізу әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, оны бақылап отыру әдіскер Тажибекова Г.П тапсырылсын.

**Педкеңестің төрайымы:**

**Хатшы**

**Сыздықбекова Ж.С**

**Тажибекова Г.П**



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі: С. Мұса Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2

Шымкент қаласы

24.10.2022жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p><b>Тақырыбы:</b> «Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту»</p> <ol style="list-style-type: none"><li>№1 педкеңес шешімінің орындалуы</li><li><b>Тақырыптық бақылау</b> «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».</li></ol> <p>Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) Ортаңғы топтан бастап <b>мемлекеттік тілді меңгерту</b> мақсатында күнібойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту</li><li>2) <b>Кітап бұрышын жасау</b>, толықтыруға ата-аналарды тарту, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау</li><li>4. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»</li><li>5. <b>Педагогикалық ой-салулар қоры:</b> «Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі»</li><li>6. «Коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге арналған ойындар»</li><li>7. Педагогикалық кеңес шешімі</li></ol>	Қазан айы	<b>Меңгеруші</b> <b>Сыздықбекова</b> <b>Ж.С.,</b> <b>Әдіскер</b> <b>Тажобекова Г.П.,</b> <b>Барлық педагог</b> <b>мамандар,</b> <b>Барлық топ</b> <b>тәрбиешілері,</b> <b>Медбике</b>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы**  
**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №2**

**24.10.2022 ж**

**Тақырыбы:** *«Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгеруді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту»*

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы
2. **Тақырыптық бақылау**«Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы».  
Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру
3. 1)Ортаңғы топтан бастап **мемлекеттік тілді меңгерту** мақсатында күнібойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекібайланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту  
2) **Кітап бұрышын жасау**, толықтыруға ата-аналарды тарту, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау
4. «Балалардың коммуникативтік қабілеттерінің дамуында театрландырылған әрекеттің рөлі»
5. **Педагогикалық ой-салулар қоры:**  
«Артикуляциялық гимнастиканың дыбыстарды дұрыс айтудағы рөлі»
6. 6.«Коммуникативтілікті дамыту және командамен жұмыс істей білуге арналған ойындар»
7. Педагогикалық кеңес шешімі

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Педагогикалық кеңесті педкеңес төрайымы Сыздықбекова Ж.С ашты. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.

2-ші мәселе бойынша «Балалармен оқыту-тәрбиелеу барысында тілдерінің даму деңгейінің қалыптасуы» тақырыбына тоқталып өтті.

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты - ой-өрісі жанашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың жырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуымен дамуы болып отыр.



Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырына нықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, олушін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру - басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеуді әртүрлі технологиялары жасалып енгізілуде. Білім беру жүйесінде қолданылып жүрген инновациялық технологиялар: ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, проблемалық оқыту, модульдік оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, дамыта оқыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, бағдарламалап оқыту, деңгейлеп оқыту т.б.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты - мектепке дейінгі білім балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кезкелген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жандүниесін етеренуңіліп оны ұғына білуді талап етеді-деді.

3-ші мәселе бойынша әдіскер Тажибекова Г.П сөз алды: Үйрету іс-әрекетін ұйымдастырудың жетекші түрі – топпен жұмыс істеу болып табылады. Топтардың толымдылығы – 20-25 адамнан артық болмау керек. Тілді дамыту бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері барысында алынған білім барлық режимдік кезеңдердің үдерісінде күнделікті: сәлемдесу, киіндіріп шешіндіру, тамақ ішу, ұйқыға дайындық, ойындар мен серуендер барысында бекітіледі.

Әдістемелік құралдың педагогикалық пайдалылығы – мектеп жасына дейінгі балаларға тілдердің үштұғырлығын үйрету көптілді тұлғаның негізін қалыптастырудағы алдын-ала маңызды кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылуында болып табылады. Тілдердің әдістемелік құралының мазмұны негізінде балалардың үйреніп жатқан тілдерінде сөздердің, дыбыстардың, сөйлемдердің дұрыс айтылуы қалыптасады, сөздік қоры жинақталады, ана тіліндегі және басқа тілдегі сөзді түсіну мен қабылдау және жеңіл диалог құруға қатысу біліктері қалыптасады.

Әдістемелік құралдың педагогикалық маңыздылығы мектеп жасына дейінгі балалардың заманауи қоғамдағы жалпы қолданылатын тілдердің негізін меңгерумен шарттастырылады.

Ары қарай қазақ тілі мұғалімі Нуржигитова Рахима Абдиразаковна сөйледі:

#### **Заттық-дамытушы орта тілдік кеңістікке ену үшін:**

- таспа, диск және басқа да тасымалдағыштарда музыкалық аудио материалды;
- сөздік, үстел үстіндегі баспа ойындары, құралдар, кітаптарды;
- жағдайға байланысты, рөлдік, лексикалық мазмұны бар сахналандырылған ойындарды;
- ертегілерді сахналау, тақпақтарды мәнерлеп оқуда балалар өздерінің жетістіктерін көрсете алатын ертеңгіліктер мен мерекелерпайдаланылады.

Мектепке дейінгі оқыту тұжырымдамасының негізін қалайтын кезеңдер оқытудың әдістемелерін, тәсілдерін, үлгілері мен құралдарының спектрін кеңінен қолдануға әкеледі. Бұл ретте балалардың жеке, сонымен қатар, олардың жалпы мәдени дамуы мен микро әлеуметтік ортасы – отбасының ерекшеліктері ескеріледі.

#### **Негізгі тәсілдері:**

- а) балаларға таныс емес тілде үлкендердің тіліне еліктеуі;
- б) көру, есту және әсем бейнелерді құру. Нәтижесінде, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде оқытудың ауызша емес құралдарының басымдылығы (суреттер, заттардың графикалық бейнелері мен сөйлемдердің құрылымдары, музыка);

- в) оқу-дидактикалық ойындарды қолдану;
- г) жұмбақтар;
- д) өз ойын білдіріп, өзін-өзі бағалауды арттырудағы психологиялық кедергілерді болдырмайтын ертегілер мен шағын әдеби шығармаларды драмалау.

#### **Жұмыс ұстанымдары:**

1. Мадақтаудың түрлі құралдарын қолдану, ауызша және материалдық.
2. Бала бойында баланың тілдік қабілетін арттыратын педагог пен балалар арасындағы оң қарым-қатынастарды қалыптастыру.
3. оқыту үдерісінде педагогтің сөйлеу тілінің баланың жаңа үйреніп жатқан тілде 90% болуы.
4. Лексиканы жүйелі енгізу: лексикалық тапсырмаларды арттырып, біртіндеп бекіте отырып 3 сөзден бастау. Соңында күнделікті өмірде жинақталған сөздік қорын арттыру.
5. Балалардың қысқа мерзімді есін ескере отырып, әрдайым алдыңғы өткен материалға қайта оралып, оны келесі қайталауларға енгізу.
6. Сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған дұрыс тілдік құрылымдарға үйрету.
7. Жұптық және топтық үйретулерге айрықша ықылас бөлу. Бұл топта қолайлы психологиялық ахуал құруға және тілдік кедергілерді жоюға көмектеседі.
8. Педагогтің сұрақтары мен бұйрықтарына әсерінің жылдамдығын дамытады-деді.

4-ші мәселе бойынша Нуржигитова Рахима Абдиразақовна сөз алды: Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын.

Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да, театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес.

Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез ролымен ойнар еді, тіл байлықтарыда тез молайар еді- деді.

Педагогикалық кеңестің 5-ші мәселесі бойынша шығармашылық топтан Сейдумарова Гулшахар Молдахметовна сөз алды. **«АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ГИМНАСТИКАНЫҢ ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУДАҒЫ РӨЛІ» тақырыбына тоқталды.** Қиын дыбыстарды айту үшін баланың еріндерімен тілі күшті және балқылдақ болу керек. Осы жағдайда ұзақ ұстау қинамай бірнеше рет бір қимылды басқа қимылға ауыстыру. Осыларға артикуляциялық жаттығулар көмек береді.

#### ***Артикуляциялық жаттығулар не үшін қажет:***

1. Артикуляциялық жаттығулар есте сақтау қабілетінің дамуы арқылы, балалар таза және дұрыс сөйлеуге үйренеді.
2. Логопед жұмыс бастаған кезде балалардың дыбысты айтудағы қателері тез жөнделеді. Олардың бұлшықтары оған дайын болады.
3. Дыбыстарды анық айтпайтын балаларға артикуляциялық жаттығулар қажет.
4. Балалар мен ересектердің дұрыс нақты және әдемі сөйлеуіне артикуляциялық жаттығулар көмек береді.

#### ***Жаттығуларды өткізуге ескерту:***

1. Бірінші жаттығуды айнаның алдында жай жасайды, өйткені балаға қимылды бақылау керек. Бала үйренген соң айнаны алып қояды. Балаға дәлден сұрақтар қою керек. Мысалы: еріндер не істеп жатыр? Тілің не істеп жатыр? Ол қайда тұр (жоғарыда әлде төменде ме)?
2. Кейін жаттығуды тездетіп есеп арқылы жасауға болады. Бірақ сол кезде бақылау жасау керек. Жаттығуларды дұрыс және сазды жасау керек.
3. Күніне 5-7 минут көлемінде 2 рет қайталап жасатады (таңертең және кешке).
4. 3-4 жастағы балалар маңызды қимылдарды игеруі керек.
5. 4-5 жастағы балалардың қимылдары нақты және саздылық болуы керек.
6. 6-7 жастағы балалар жаттығуларды тез жасайды. Тілде бір қалыпта сақтап ұстай алады.

Егер сабақ барысы кезінде баланың тілі дірілдеп, қиналып тұрса, тілдің керекті жағдайын ұстай алмаса міндетті түрде логопедке көрінуі керек. Ерекше уқалау және логопед-дәрігердің көмегі қажет болуы мүмкін.

Қалыпты дамыған бала 4-5 жаста ана тіліндегі барлық дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстырып сөйлеуге тиісті. Бірақ мектепке дейінгі жастағы балалардың арасында кейбір дыбыстарды бұзып, алмастырып шатастыруы жиі кездеседі. Әсіресе, с, з, ш, ж, л, р дыбыстары жиі бұзылады.

Сөйлеу тілінің әр түрлі кемшіліктері баланың жалпы дамуына, оқу мен жазу дағдыларының, мінез-құлқының қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қалыптастыруы тұлғаның толыққанды дамуын береді. Бес жасқа қарай бала ана тілдің барлық дыбыстарының анық айту керек. Қойылған дыбыстардың бекітуі ойындардың және сөздердің дыбыстайтынынан басталады. Ересек бұл буындарды, сөздерді оқиды, ал бала оны қайталайды. Әрі қарай дұрыс дыбыстауы қысқа сөйлемдерде және тіл ұстартуларда бекітіледі- деп сөзін аяқтады.

#### **ШЕШІМІ:**

1. Өткізілетін іс – шаралардың барлығы жоспарлы түрде жүргізіліп, жоспарлар мен сценарийлер әдістемелік кабинеттің қорына уақытылы өткізілсін.
2. Іс – қағаздарын ұқыпты жүргізу, әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, қатаң бақылап отыруын әдіскер Тажибекова Г.П жүктелсін.
3. Ортаңғы топтан бастап **мемлекеттік тілді меңгерту** мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Кітап бұрышын жасау, толықтыруға ата-аналарды тарту, ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау
5. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

**Педкеңестің төрайымы:**

**Сыздықбекова Ж.С**

**Хатшы**

**Тажибекова Г.П**



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі: \_\_\_\_\_

БЕКІТЕМІН

Сыздықбекова Ж.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3

Шымкент қаласы

12.12.2022жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p><b>Тақырыбы:</b> Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларының қалыптасуы.</p> <ol style="list-style-type: none"><li>№2 педкеңес шешімінің орындалуы</li><li><b>Тақырыптық бақылау</b> «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы».Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;</li><li>Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және үй-жайларда өткізуді ұйымдастыру</li><li>Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау: -Ерте жас тобы балаларының балабақшаға бейімделу жағдайы -Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет</li></ol> <p><b>5. Тәжірибе алмасу:</b> «Балабақшаның денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі» <b>Педагогикалық жәрменке:</b> «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» «Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлері»</p> <ol style="list-style-type: none"><li><b>Әртүрлі мәселелер</b> Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік дамытушы ортасының сапасын бағалау</li><li>Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.</li></ol>	Желтоқсан айы	<b>Меңгеруші</b> <b>Сыздықбекова</b> <b>Ж.С,</b> <b>Әдіскер</b> <b>Тажибекова Г.П,</b> <b>Барлық педагог</b> <b>мамандар,</b> <b>Барлық топ</b> <b>тәрбиешілері,</b> <b>Медбике</b>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3**

**12.12.2022 ж**

**Тақырыбы:** Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларының қалыптасуы.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы
2. **Тақырыптық бақылау** «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы».Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
3. Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және үй-жайларда өткізуді ұйымдастыру
4. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау:  
-Ерте жас тобы балаларының балабақшаға бейімделу жағдайы  
-Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет
5. **Тәжірибе алмасу:**  
«Балабақшаның денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі»  
**Педагогикалық жәрмеңке:**  
«Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс- тәсілдері»  
«Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлері»
6. **Әртүрлі мәселелер**  
Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік дамытушы ортасының сапасын бағалау
7. Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Алғашқы сөз кезегін меңгеруші Сыздықбекова Ж.С алды: **Балаларды шынықтыру және сауықтыру шараларын ұйымдастыру** Шынығу деп организмнің қоршаған орта факторларына, әсіресе, метеорологиялық факторларға (шынығудың арнаулы әсері) қарсы тұру мүмкіндігін арттыратын процедуралар жүйесін түсінеді. Сонымен қатар шынығу организмнің қызмет қабілетін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға иммунобиологиялық қарсы тұру (арнаулы емес әсері) дәрежесін арттырады.

Жеке әсерлердің ұзақтығы мен күшінің жүйелі түрде қайталануына байланысты, шынығуды жаттығулардың жеке түрі деп қарауға болады. Бұл жағдай шынығудың негізгі принциптерін ( ақырындап, еппен бастау және жүйелігін сақтау) анықтайды.

Балаларды ерте жастан метеорологиялық факторларға шынықтырудың маңызы өте зор. Дене температурасының тұрақтылығы химиялық және физикалық болып бөлінетін термореттеу процесі арқылы сақталады. Біріншісі- жылу бөлінуін (зат алмасу) реттеу, екіншісі- жылу беруді реттеу болып табылады.

Сыртқы ортаның температуралық факторлары, терінің терморецепторларына (жылулық, салқындық) әсер етеді. Бұл рецепторлар дененің барлық аймақтарында біркелкі таралмаған. Оның ең көп бөлігі бет терісінде, ең аз бөлігі иық, қол терілерінде орналасқан. Кейінгі жылдары терідегі жүйке жүйесінің еркін аяқталуы туралы - салқындаған кезде терідегі жиі соға бастайтын импульс яғни салқын сезгіш жіпшелер туралы айтыла бастады. Импульстер рецептордан гипотала-муска (организмнің жылу реттеу орталығына) барады. Жылу реттеу реакциялары өз кезегінде зат алмасу және қаңқа

бұлшық еттерінің моторлы ортасымен, яғни жылу өндіру орталығымен байланыста болады – деді.

Ары қарай сөз кезегі әдіскер Тажибекова Г.П алды: Денсаулық сақтаушы педагогикалық үдеріс (бұдан әрі – ДСПҮ) – бұл бала мен педагогтың, бала мен ата-ананың, бала мен медицина қызметкерінің әрекеттестігі барысында іске асырылатын тәрбиелік-сауықтырушы, түзетуші және профилактикалық іс-шаралардың біртұтас жүйесі. Ол күні бойы тәрбиешінің, мұғалімнің, логопедтің, педагог-психологтың, дене шынықтыру нұсқаушысының, музыка жетекшісінің тығыз әрекеттестігінде кешенді түрде ұйымдастырылады.

Денсаулық сақтау технологиялары басты міндеттерді шешуге бағытталған: педагогикалық үдеріс субъектілері: балалардың, педагогтардың және ата-аналардың денсаулығын сақтау, қолдау және байыту.

Мақсаты – мектепке дейінгі жастағы баланың денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, саламатты өмір салты (бұдан әрі – СӨС) бойынша білім, машықтар мен дағдылар қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға баулу. Барлық денсаулық сақтау білім беру технологияларын ерекшелендіретін негізгі көрсеткіш – балалардың жағдайын үнемі жедел диагностикалау және организмнің даму қарқының негізгі белгілерін қадағалау, бұл олардың денсаулық жағдайы туралы сәйкес тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Ересектерге қатысты – тәрбиешілердің кәсіби денсаулық мәдениетінің қалыптасуына және ата-аналарға валеологиялық білім беруге ықпал ету.

Отбасы СӨС ұстанудың басты үлгісі болып табылады, сондықтан балалардың денсаулығын нығайту технологиясына ата-аналар белсенді түрде тартылады, отбасымен әрекеттестіктің ресми, және бейресми формалары қолданылады.

Ата-аналар мен педагогтардың бірлескен мақсатты қызметі жағдайында балалардың денсаулығы мен олардың СӨС бағдарлануын сипаттайтын көрсеткіштердің оң динамикасы қамтамасыз етілуі мүмкін

Білім беру үдерісінің барлық мүшелерінің СӨС уәждемесін қалыптастыру бойынша МДҰ қызметінің барлық салаларын бақылаумен қамту үшін басшы мен оның көмекшілері арасындағы міндеттерді нақты бөлу керек.

Медбике: санитарлық-эпидемияға қарсы режимнің сақталуын, ғимарат пен учаскенің санитарлық жағдайын бақылау; балаларды дәрігерлік тексеруге дайындау; азық-түлік сапасын, олардың дұрыс сақталуын бақылау және олардың жеткізу мерзімдерінің сақталуын, тамақтанудың ұйымдастырылуы мен тамақ дайындау сапасын бақылау, тағам мөлшерінің химиялық құрамы мен калориялылығын есептеу, үлестірме ас мәзірлерін құрастыруға қатысу; МДҰ қызметкерлерінің уақытылы медтексеруден өтуін бақылау.

Әдіскерлік:

Шолу бақылауы

күн тәртібін сақтау және маусым ерекшелігі мен апта күнін ескере отырып топ жұмысын ұйымдастыру; сауықтыру іс-шараларының жоспарын сақтау.

#### Салыстырмалы талдау

сабақта балаларды денсаулық сақтаушы сүйемелдеу тұрғысынан ұйымдастырылған оқу қызметін талдау; дене шынықтыру сабағының жиілігі; түзету-дамыту жұмысының нәтижелері.

#### Жедел бақылау

мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; серуендеулер өткізу және алып жүретін материалдың жағдайын тексеру; учаске жабдықтарының жарамдылығы; ұйқыдан кейін гимнастиканы ұйымдастыру және өткізу.

#### Мониторинг мақсаттары:

МДҰ қызметі нәтижелерінің СӨС қалыптастыру бойынша эксперименттік қызмет бағдарламасының стандарттары мен талаптарына сәйкестік деңгейін айқындау; мектепке дейінгі балалардың денсаулық сақтау біліктіліктерін дамыту жағдайы жүйесін сапалы бағалау; педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларының қанағаттанушылық дәрежесі.

#### Мониторинг аспектілері:

жаңадан келген тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы – балалардың жасына, денсаулық жағдайына және тұлғалық ерекшеліктеріне қарай медициналық-педагогикалық қызмет көрсету; балалардың денсаулық сақтау біліктіліктерін дамыту; сырқаттанушылық; педагогтардың денсаулық сақтау біліктілігі; мұқият медтексеру нәтижелері; түзету-дамыту жұмысы; мектепте есею; балабақшада болудың психологиялық жайлылығы деп сөзін аяқтады.

Келесі сөз кезегін Пернебаева Асия Сапарбайқызы сөз алды: Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу – деді.

Әдіскер Тажобекова Г.П Әр деңгейдің өзіндік бағалау объектісі болатын күрделі көп деңгейлі жүйе ретінде қарастырылатын МДББ мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау көп деңгейлі тәсілді қолдануды қарастырады. МДББҰ қызметінің бүкіл жүйесін табысты қадағалаудың қиындығын ескере отырып, әр деңгейдегі сапаны бағалау критерийлерін әзірлеу бағалау объектілерінің ерекшеліктерін ескеруге негізделген.

Сапаны бағалаудағы ең күрделі мәселе – сапа әрдайым жоғары бола бермейтінін түсінудегі оның деңгейлерін анықтау. Бұл сұрақ сапаны бағалаудың мақсат қоюымен тығыз байланысты. Сапаны бағалау өзін-өзі бақылаудың және өзін-өзі реттеудің, сыртқы бақылау мен реттеудің құралы, сонымен қатар сапаны жақсарту құралы ретінде бәсекелестік механизмдерін қосатын рейтинг бола алады. Білім беру сапасын бағалау барлық аталған міндеттерді шешу үшін бір уақытта қолданыла алады, бірақ сапа деңгейінің анықтамасы әр жағдайда әртүрлі болуы мүмкін. Әрине, білім сапасын бағалауды тиімді қолданудың ең жақсы нәтижесі – бұл өзін-өзі бағалау және орындаушылардың өзін-өзі бақылауы болып табылады. Сондықтан сапа деңгейлерін өлшейтін бірыңғай жүйенің болуы өте маңызды.

Мектепке дейінгі білім беру баланың жалпы мәдениеті мен жеке қасиеттерін қалыптастыруға, оны физикалық, интеллектуалдық, адамгершілік, эстетикалық жағынан дамытып, мектепке даярлауға арналған. Мектепке дейінгі білімге қойылатын міндетті талаптар жиынтығы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын анықтайды (бұдан әрі - ҚР МДТО МЖМС). Мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар күтілетін нәтижелер – білім, білік, дағды және құзыреттілік түрінде әр білім беру саласы бойынша жас тобы бойынша игеру түрінде тұжырымдалған және жазылған.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады, оны жай құжат емес, іс-қимыл бағдарламасы, мектепке дейінгі ұйым шеңберінде болып жатқан процестердің сипаттамасы ретінде қарастыру қажет. Мектепке дейінгі деңгей мазмұнының сапасы әр баланың жетістіктерінің қорытынды диагностикасының көрсеткіштері бойынша бағаланады, мұндағы іс-әрекеттің негізгі нәтижесі – баланың даму деңгейі, оның білімі, білігі мен дағдылары болады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы «Мемлекеттік білім беру саясатын іске асыру: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» (Астана, 2015) ұлттық баяндамасында мемлекет тапсырыс беруші ретінде мектепке дейінгі білім беру саласын қолдау мен дамытуға қаржылық салымдардың тиімділігін бағалауға, сондай-ақ оның сапасын талдау жасауға құқылы екендігі атап өтілген. Бұл үшін ҚР «Білім туралы» Заңының 5-бабына сәйкес сыртқы және ішкі бағалау жүйесі құрылды. Білім беру мониторингі білім беру жүйесінің сапасын сыртқы және ішкі бағалау үшін статистикалық және аналитикалық бағалау көрсеткіштерінің жиынтығын қолдану арқылы жүзеге асырылады (2, 3-тармақтар, 55-бап. Білім беру сапасын басқару).

Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы сыртқы бағалау процедурасы үшін жаңа инструмент – тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері және білім беру жүйесін тексеруге арналған бақылау парақтары әзірленді [113].

Тәуекелді бағалау жүйесі тиісті бұзушылық деңгейін анықтайды: өрескел, маңызды, шамалы.

Объективті критерийлер бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесі ретінде жіктелген тексерілетін субъектілерге (объектілерге) қатысты объективті критерийлер келесі ақпарат көздеріне сәйкес қолданылады:

- 1) тексерілетін субъект ұсынатын, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы ұсынылатын есептілік пен мәліметтерді бақылау нәтижелері;
- 2) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы мен саны;
- 3) бақылаудың басқа нысандарының нәтижелері;
- 4) мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметі.

*Ішкі бағалау* жүйесі білім беру ұйымының өзі деңгейінде жүзеге асырылады. Сонымен, 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстанда ұлттық деңгейдегі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тиімділігін ішкі бағалау үшін мектеп жасына дейінгі балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейін қадағалайтын көрсеткіштер



жүйесі енгізілді, оны Республикалық мектепке дейінгі балалық шақ орталығы әзірледі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынды.

Көрсеткіштердің бұл жүйесі МДТО саясатының назарын сандық көрсеткіштерге қол жеткізуден сапалық көрсеткіштерге ауыстырады. Мониторинг баланың әртүрлі кезеңдердегі білігі мен дағдыларының даму динамикасын және баламен жеке жұмыс жасау бойынша педагогтың одан әрі іс-әрекетінің перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Мониторингтің күтілетін нәтижесі – бұл мектеп жасына дейінгі балалардың білігі мен дағдыларының дамуын қадағалаудың бірыңғай тәсілі, ол мектепке дейінгі білім берудің сапасы туралы сенімді мәліметтер алуға, балалардың жетістіктерінің динамикасын бағалауға және олармен одан әрі жұмысты жоспарлауға мүмкіндік береді [116].

Ішкі мониторинг келесі деңгейлерді анықтайды:

1-деңгей – бала белгілі бір іс-әрекеттері мен білімдерін көбейтеді;

2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие болады;

3-деңгей – бала білгенін және білетінін қолданады, білімді өз бетінше және шығармашылықпен қолданады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды бақылау;
- әңгімелер;
- балалар қызметінің өнімдерін талдау;
- диагностикалық жағдайлар.

Жетекші әдіс – бұл күнделікті өмірде, табиғи жағдайда баланың үстінен жүргізілетін бақылау. Диагностика жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында. Мониторинг бірінші кіші топтан бастап жүргізіледі.

Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін пайдаланылуы мүмкін:

- баланы қолдау, оның оқу траекториясын құру немесе оның даму сипаттамаларын кәсіби түзету үшін білім беруді даралау (жеке көзқарас қағидасын жүзеге асыру);
- балалар тобымен жұмысты оңтайландыру.

Мектепалды даярлық сыныптарында (топтарында) мониторинг типтік оқу жоспарының күтілетін нәтижесі ретінде мектепке дайындықты өлшеу үшін жүзеге асырылады.

Республикада МДТО сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі қалыптасуда, сонымен бірге іс жүзінде оны жаңарту мақсаттарына қайшы келетін тұрақты көріністер бар:

- мектепке дейінгі білім беру сапасын сыртқы және ішкі бағалаудың қолданыстағы механизмдерін талдау білім беру ұйымының баланың дамуына қосқан сенімді үлесі, әдетте, бағалаудың пәні емес екендігін көрсетеді;

- бірыңғай типтік оқу бағдарламасын игеру білімінің, дағдыларының, дағдыларының бірыңғай мониторингі мектепке дейінгі жастағы барлық балалар сәйкес келуі керек деңгейлерді бағалайды, көп функционалды сипатқа ие мектепке дейінгі балалық шақ және қазіргі мектепке дейінгі білім берудің ерекшелігі ескерілмейді: өзгергіштік, инварианттық;

- мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау практикасы білім беру үдерісін өлшеу және оны жетілдірумен аз байланысты, ал бақылауға көбірек байланысты, ал «мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау бақылаудан дамуға дейінгі бағытта жүргізілуі керек»;

- мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың нақты құралдарының болмауы, «сапа», «түрлері» және «нысандары» ұғымдарының сипаттамасын қамтитын ресми құжаттың болмауы сапаны әр түрлі түсіндіруге және оны бағалаудың нормативтік тәсілдеріне әкеледі;

• білім сапасын бағалаудың ерекшелігі бағалаудың параметрлерін қабылдаудың субъективтілігінде, бұл қорытындылардың сенімділігі мен соңғы шешімдердің орындылығына әсер етуі мүмкін – деп сөзін аяқтады.

Әр түрлі мәселелер бойынша әдіскер Тажобекова Г.П сөз алды: Білім беру ұйымдарын аттестаттау уәкілетті органдар бекіткен (ҚР БҒМ Білім беру саласындағы бақылау комитеті) аттестаттаудың өткізу кестесіне сай жүргізілетіндігін айтты.

#### **ШЕШІМІ:**

1. Өткізілетін іс – шаралардың барлығы жоспарлы түрде жүргізіліп, жоспарлар мен сценарийлер әдістемелік кабинеттің қорына уақытылы өткізілсін.
2. Іс – қағаздарын ұқыпты жүргізу, әр тәрбиешіге қатаң ескертіліп, қатаң бақылап отыруын әдіскер Тажобекова Г.П жүктелсін.
3. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және үй-жайларда өткізуді ұйымдастыру.
5. Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлерін кіріктіру медбике Игиликова А.Б жүктелсін.
6. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

**Педкеңестің төрайымы:**

**Сыздықбекова Ж.С**

**Хатшы**

**Тажобекова Г.П**



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
меңгерушісі: С. Сыздықбекова Сыздықбекова Ж.С.

БЕКІТЕМІН

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4

Шымкент қаласы

16.03.2023 жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<ol style="list-style-type: none"><li>№3 педкеңес шешімінің орындалуы</li><li>Туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру</li><li><b>3. Педагогикалық қобдиша</b> -«Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту». -«Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру»</li><li>4. «Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар»</li><li><b>5. Әртүрлі мәселелер</b> Мектепке дейінгі топтың / ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау нәтижелерін талдау және түсіндіру</li><li>6. Педагогикалық кеңес шешімі.</li></ol>	НАУРЫЗ айы	<b>Меңгеруші</b> <b>Сыздықбекова</b> <b>Ж.С.,</b> <b>Әдіскер</b> <b>Тажобекова Г.П.,</b> <b>Барлық педагог</b> <b>мамандар,</b> <b>Барлық топ</b> <b>тәрбиешілері,</b> <b>Медбике</b> <b>Саз жетекші</b>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4**

**16.03.2023 ж**

**Тақырыбы:** «Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік»

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б.түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру
3. **Педагогикалық қобдиша**

-«Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту».

-«Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру»

4. «Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар»

5. **Әртүрлі мәселелер**

Мектепке дейінгі топтың / ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау нәтижелерін талдау және түсіндіру

6. Педагогикалық кеңес шешімі.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие — адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бүлдіршіндеріміздің бойында рухани — патриоттық сана — сезімді қалыптастыру бағыты бойынша тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани патриоттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек — бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, өзіме, балаларға патриоттық тәрбие беруде жаңа технологияларды пайдалану арқылы жобаны алуды жөн көрдім. Патриоттық тәрбие беру арқылы баланың патриоттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады. Сол себепті өз жұмысымда патриоттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым,- деді балабақша меңгерушісі Сыздықбекова Ж.С.

Бала болашағы- бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, халықтың, тұтас бір ұлттың бүгінін ертеңімен жалғайтын алтын көпір-асыл мұрат.

Музыкалық тәрбие — мектепке дейінгі жастағы балаларға эстетикалық, талғамдық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып саналады. Басты мақсат — біртіндеп түрлі музыкалық іс – шараларды (есту, қабылдау, орындау, шығармашылық, музыкалық біліктілік, сауаттылық) меңгерту арқылы баланың бойындағы өзіндік бағыттаушы, реттеуші болып табылатын эмоциялық сезімін ояту. Музыкалық эмоцияны дамыту барысында баланың музыка өнеріне деген қызығушылығы, ұнатушылығы, мәнері, музыкалық мәдениеті, эстетикалық сезім негізі қаланады. Баланың жан – жақты тұлға болып өсуінің басты мақсаты музыка тәрбиесіне байланысты. Оның бастапқы кірпіштері бала кезінен қаланады. Осыған орай балалар бақшасындағы музыка іс- әрекетіне көп көңіл бөлінеді. Ол таңертеңгілік жаттығудан бастап, музыка әрекетінде, жеке музыкалық жаттығуларда, мерекелер мен ойын – сауықтарда ойналады. Н.К.Крупская: «Балаға музыка арқылы өзінің ойлары мен сезімдерін тереңірек түсінуіне айқынырақ ойлап, тереңірек сезінуіне көмектесу қажет...» — деп өнердің жеке адамды тәрбиелеудегі маңызын айтқан екен. Мектепке дейінгі балалық шақ- бөбекті әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен араластыратын кезең. Эстетикалық тәрбиенің жарқын құралдарының бірі- музыка. Баланы жан – жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті. Музыка осы маңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек, - деді.

Саз жетекшісі (Музыка): Раева Айгерім Асқарқызы, музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады. Сондай-ақ Қазақстан азаматы болғандықтан, әрбір бүлдіршін еліміздің рәміздерін, әсіресе, мемлекетіміздің Әнұранын есіне сақтап, жаттап алуын қамтамасыз еткен дұрыс. Әнұранның мазмұнын балаларға егжей-тегжейлі түсіндіріп, мереке күндері топ болып айтқызу керек. Түрлі халықтардың жеке және хормен айтылатын әндері мен билері достыққа тәрбиелейді. Ән айту бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді, әнді дәл айтпайтын бала жақсы айтатын балаға қарап үйренеді, - деді.

Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мінез – құлқына, мәдениетіне септігін тигізеді. Түрлі тапсырмаларды, іс – қимыл түрлерін ән айту, музыка тыңдау, балалар аспаптарында ойнау, музыка ырғағына үйлесімді қимылдар жасау, алмастырып отыру балалардың ықылас қоюын, тапқырлық көрсетуін, тез қабылдап, тез қимыл жасауын, ұйымшыл болуын, жігерлі күш қимылды: әнді дер кезінде бастап аяқтауды; биде, ойындарда тезірек жүгіріп кеткісі, әлде кімдерден озып кеткісі келген ықтиярсыз тілекке берілмей, музыкаға бағынып, қимылдай білуді талап етеді, ерік-жігерді тәрбиелейді. Өнердің басқа түрлері сияқты музыканың танымалдықта маңызы бар. Музыка балалардың эстетикалық және ақыл – ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік білім беру стандартының жобасында «мектепке дейінгі білім беру- Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды роль атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі» деп айтылған. Бұл талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы- мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудағы, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген бүлдіршінді тәрбиелеуден бастағанның маңызы өте зор дей келе мектепке

дейінгі ұйымда, баланы музыкаға баули отырып, оның өнерге, жан- жағына, отанына, туған жеріне, отбасына деген сүйіспеншілігін арттыруға болады. Музыкасыз, ойынсыз, ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл- ойы мен қиялын тәрбиелеуге болмайды. Баланың музыкалық мәдениетінің эстетикалық талғамының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына сөздің шамасы келмеген жерде неғұрлым ойынның алатын орны зор.

Музыкалық тәрбие беру дегеніміз – баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын көркем дүниелер арқылы түсіндіру,-деді саз жетекшісі Раева Айгерім Асқарқызы.

Бала сәл көмекпен демесең қабілеті дами кететін ұрпақ, көзін ашсаң сыңғырлай ағатын бұлақ секілді.

Музыка баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар туғызады, болашақ адамның жалпы мәдениетінің түп негіздерін қалайды.

Өнер баланың әлемді тануына, саналыққа, халықтың мәдени мұрасы байлығынан рухани сусындауына, батылдық сезімдеріне, азаматтық адамгершілік қасиеттерге бір сөзбен айтқанда жан – жақты адам болып қалыптасуына тәрбиелейді.

Балабақша бүлдіршіндерінің өнерге деген құштарлығын арттырудың бірден – бір жолы, сазды әуен мен сиқырлы күй тыңдатып, әсіресе ұлттық аспаптардан домбыра мен қобыз үнін тыңдатып, олардың музыка сырын түсіне білуіне жол ашу. Музыкамен күнделікті айналысқан баланың қабілеті басқа сала бойыншада арта түседі екен. Бұған таң қалатын ештеңе жоқ. Өйткені музыкамен күнделікті айналысқан кезде ойлау қабілеті құштарланып, бала басқа нәрселерді тез меңгереді.

Музыкалық шығармашылық іс- әрекеттің әр-түрлі түрінен байқалады. Бұл ән салу шығармашылығы, баланың өзіндік әуен шығаруы. Бұл — музыкалық ойын шығармашылығы, баланың музыкалық – ойын образдарын өз ойынан шығару және би билеу шығармашылығы,-деді меңгеруші Сыздықбекова Ж.С..

Балабақша әдіскері Тажобекова Г.П эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Балаларды өнер құралдарымен тәрбиелеу – көркемдік тәрбие пәнін құрайды. Тәрбиеші баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық ықлас білдіруге, сондай-ақ, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жасау керек. Эстетикалық сезім дегеніміз – өмірдегі, көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рахаттану. Ол адам табиғатына ғана тән жоғарғы сезім.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсіну, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, эстетикалық іскерлік пен дағдысын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету – шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы.

Эстетикалық сезім әлеміне қатысы бар құбылыстарды зерттейтін философияның бір саласы болса, эстетикалық тәрбие көбінесе адамның сезіміне тәрбиелеу арқылы санасына әсер етіп, іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруді көздейді. Жүріс-тұрыс адамдар арасындағы қарым-қатынас талаптарын түсініп, сезіну оның эстетикалық жағын қамтиды. Этика мен эстетика іс-әрекет, жүріс-тұрыс, мінез-құлық көріністері арқылы бір-бірімен байланысып жатады. Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемін білу эстетикалық жақтан сезіну арқылы келеді. Эстетикалық тәрбиенің басты мәселесі – сезім әлеміне әсер ету, оны дамыту, қалыптастыру. Сезім мен дағдылар арқылы сұлулықты түсіне-сезіне білуге тәрбиелеу баланың дара қасиеттерін, барлық мүмкіндіктерін қалыптастырады,-деді.

Баланың көркемдік-эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады. Педагогтың балалар қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұлғасының дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Балаларға жағымды жағдай жасайтын болсақ, олар көркемдік-эстетикалық түсініктерді еркін меңгереді. Оқыту мен тәрбиелеу арқылы оларға білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуына жағдай жасай отырып, әрекеттілік қабілетін (интеллектуалды, эмоционалды, еңбектік, ерікті) дамыту керек. Бала адекватты, өнімді және нәтижелі дамиды. Осыған орай көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мектеп алды мекемелерге қоятын міндеттері:

- Баланың қиялын, эстетикалық сезімін, қабылдауын жүйелі және биік мақсатқа бағытталған түрде дамыту; өнердің барлық түрі қажеттілік сияқты сезімдерді тудырады;
- Баланы өнер саласындағы әрекетке, алғашқы көркемдік білімді игеруге және көркемдік деңгейді бағалауға баулу.
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бала бақшалардағы көркемдік-эстетикалық оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарымен тығыз байланысты. Көркемдік-эстетикалық тәрбие жұмысын нақты, нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның мазмұнын әрбір жас ерекшелік талаптарын анықтап алу қажет.-, деді балабақша меңгерушісі Сыздықбекова Ж.С.

Балабақша тәрбиешісі Аккулова Айнур Кожатаевна адамдардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсіне, бағалай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, одан ең жоғары рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілік, тұлғалық келбетін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдік пен жексұрындықты, адамгершілік пен ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу – тәрбие барысында тұрақты зейін салуды, күн сайын талапты күшейтетін мәселе. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің ғана емес, сондай-ақ еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары да ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа деген бағамын анықтайды.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әсемділікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені оң қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады. Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатынасы бар. Бұл біздің қоғамдағы

қоғамдық өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды. Сонымен оқушылардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу – дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған үрдісі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу оқушыны жан- жақты үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде, ең алдымен өзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының даму, білім алу, қалыптасуы құралына айналдырады.

Кең ой-өрістілік сөйлеу, іс-әрекетінің мазмұнынан сөз өнерін, ақыл-ой еңбегін, шындықтың объективтік жақтарын, көркем сөз сұлулығын, бөліп қарайды. Еңбек іс-әрекетінде еңбек мақсаттары және процесі, оның нәтижесі, сұлулығы ерекше көрсетіледі. Құқықтық іс-әрекетінде қоғамдық мұраттардағы, дамудағы оның, ынтасы мен тәртібіндегі сұлулыққа баса назар аударылады. Бейнелеу іс-әрекеті барысында балаларға көзге көрінетін әлем, музыкада адам жасаған дыбыс үйлесімділігінің сұлулықтары ашылады. Дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы бала адам денесінің тән және жан сұлулығын таниды т.б.

Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әсемділік қасиеттері бар әртүрлі өмірдегі қатынастар мен әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады. Кіші мектеп жасындағы балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе – оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйе деңгейіне көтерілуі, деді.

Балабақша әдіскері Тажибекова Г.П сәбидің дүниетанымының бай дамуына ойыншық әсер етеді. Ойыншықтар арқылы бала өз сезімін білдіріп, қоршаған ортаны зерттейді. Ойыншық таңдау баланың ең маңызды ісі болып есептеледі. Тек баланың өз еркіне, таңдауына байланысты. Көп ойыншықтардың арасынан өзіне тән ойыншық болып табылады. Әр баланың ойыншығы болуы тиіс. Бала ойыншығын ұрсып жұбатады. Ойыншық арқылы бала жалғыздықтан арылады. Ата-аналары бір жаққа кеткенде, жалғыз қалған бала қараңғыдан қорықпау үшін ойыншығын ұшағына алып, қорқыныш сезімін сейілтеді. Жатарда жарық сөнгенде де, дос ойыншығы баланың құшағынан табылады. Кейде бала ашуын ойыншығынан алып, жұлып тастаған қалың мата орнына тігіп қояды. Баланың ойыншығына қарап, оның не ойлап, не сезініп жүргенін анықтауға болады.

Дидактикалық ойын сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері беріледі, балалар аз ойналады. Мысалы, бала ойнап отырған машинаның дөңгелегі нешеу, түсі қандай, кубиктерді түсіне қарай топтастыр, қане, «сен көк кубиктерді әкелші», «үстелге апарып қойшы» т.б. Бұл жерде баллар кеңістікке бағдарлауды үйренеді.

Дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, сабақта меңгерген материал туралы түсінігін кеңейту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ол ойындар сабақтың тақырыбына, мақсатына сай таңдалып алынады. Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардағы тапсырмалар: сөйлеудің екі түрі – монологтық және диалогтық сөйлеуге арналған. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралып, баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады.



## **ШЕШІМІ:**

1. Патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтарға тапсырыс беру меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева Ә.Д жүктелсін.
3. Топтың заттық-кеңістік даму ортасын дамытушы ойыншықтармен, көрнекіліктермен толықтыру тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және топтарда өткізуді қадағалау медбике Игиликова А.Б жүктелсін.
5. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

**Педкеңестің төрайымы:**

**Сыздықбекова Ж.С**

**Хатшы**

**Тажобекова Г.П**



ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасының  
менгерушісі: \_\_\_\_\_

**БЕКІТЕМІН**

**Сыздықбекова Ж.С.**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5**

Шымкент қаласы

12. 05.2023жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы</p> <p>2. Диагностикалық есеп:</p> <p>I. «Менің жұмысымның нәтижесі»</p> <p>II. «Біздің жетістіктеріміз»</p> <p>3</p> <p>-«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»</p> <p>-«Мектепалды даярлық топтың жай-күйінкешенді бақылау қорытындысы»</p> <p>4. Қорытынды</p> <p>Бастапқы,аралық,қорытынды мониторингтің қорытындысы.</p> <p>Баланың жеке даму картасы</p> <p>5. «Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»</p> <p>6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»</p> <p>7. Әртүрлі мәселелер</p> <p>8. Педагогикалық кеңес шешімі.</p>	<p><b>МАМЫР айы</b></p>	<p><b>Менгеруші</b> <b>Сыздықбекова</b> <b>Ж.С.,</b> <b>Әдіскер</b> <b>Тажибекова Г.П,</b> <b>Барлық педагог</b> <b>мамандар,</b> <b>Барлық топ</b> <b>тәрбиешілері,</b> <b>Медбике</b></p>

**ЖШС «Маленький принц» бөбекжай-бақшасы  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №5**

**12.05.2023 ж**

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі мекеменің 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстың нәтижелілігі»

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
2. Диагностикалық есеп:
  - I. «Менің жұмысымның нәтижесі»
  - II. «Біздің жетістіктеріміз»
- 3  
-«Педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің рейтингі»  
-«Мектепалды даярлық топтың жай-күйінкешенді бақылау қорытындысы»
4. Қорытынды  
Бастапқы,аралық,қорытынды мониторингтің қорытындысы. Баланың жеке даму картасы
- 5.«Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту»
6. «Балалармен жүргізілетін жазғы шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың ережелері»
7. Әртүрлі мәселелер
8. Педагогикалық кеңес шешімі.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Педагогикалық кеңесті кеңесті меңгеруші Сыздықбекова Ж.С ашып, пед кеңес мүшелерін оқу жылының аяқталуымен құттықтады. 2022 – 2023 оқу жылында 140 бала бақшада болды. Олардың ішінде 2 МАД топ балаларының біршамасы мектеп табалдырығын аттағалы отыр. Олар мектепке толығымен дайын деп айта аламын. Өткен оқу жылында қалалық ұйымдастырылған іс – шараларға балаларымыз қатысып, көптеген мадақтау қағаздарымен марапатталды. Осы балаларымыздың жеңістері үшін тәрбиешілер сіздерге үлкен рахмет.

Жазғы сауықтыру іс – шараларын орындау мақсатында тәрбиешілерге жазғы іс – әрекеттер жоспарын түзіп, жұмыс жасауды ұсынды.

Тажибекова Г.П мамыр айында өткізілген ұйымдастырылған ашық оқу қызметтеріне шолу жасады. Барлық тәрбиешілер өздеріне қойылған тапсырманы жақсы деңгейде көрсете білді. МАД «Ойшылдар», «Эрудит» топтарының тәрбиешілері Усенова Салтанат Мүталіпқызы, Нуржигитова Рахима Абдиразақовна балаларын өте жақсы тәрбиелеп мектепке шығарып салды.

Қазіргі замандағы жағдайлардағы кәсібиліктің өсуі маман құзыреттілігінің кәсібилік мәселесін ерекше қарастырады. Кәсіби құзыреттілікке- тұлға маманның

интегративті сапалар, білім, шеберліктер және дағдылар жүйесін, типтік міндеттерді шешу амалдарын талдау жатады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тұлғаның әртүрлі қасиеттерінен, оның негізгі қайнар көзі оқу және субъективті тәжірибесі болып табылады. Кәсіби құзыреттілік үнемі ұмтылысты жетілдіруді сипаттайды. Құзыреттіліктің психологиялық негізі өз біліктілігін көтеру, кәсіби дамытуды дайындауды қажет етеді. Педагогикалық кәсіп бір уақытта басқарушы және өзгеруші болып табылады. Тұлға дамуын басқару үшін құзыретті болуы қажет. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің түсінігі педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындықты және оның кәсіби сипаттамасын көрсетеді. Педагогтың дайындығының мазмұны қандай да бір мамандық бойынша – педагог құзыреттілігінің нормативті моделі, кәсіби білім, шеберліктер мен дағдылар құрамын бейнелейді,- деді Тажибекова Г.П.

Тажибекова Г.П мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша мониторингтің біріңғай тәсілін қамтамасыз ету. Әдістемелік ұсынымдар келесі міндеттердің шешілуіне ықпал етеді: - мектепке дейінгі білім беруде ұсынылатын қызметтің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау және өңдеу; - Үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын ескеріп, мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін табу; - білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау. Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерден тұрады: «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін есептеу әдістемесі». Күтілетін нәтиже: мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылаудың ортақ тәсілі мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы мәліметті алуға, балалардың жетістіктерінің динамикасын бағалауға, балалармен алдағы жұмысты жоспарлауды қамтамасыз етеді,- деді.

Балабақша мейірбикесі Игиликова А.Б сөз алды. Жаз мезгілі – балаларды сауықтырып және физикалық дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі қолға алынатын маусымдық уақыт кезеңі. Жазғы кезеңде мектеп жасына дейінгі балалардың таза ауада болуы, уақытын тиімді пайдалануы – олардың денсаулығына оң ықпалын тигізе отырып, тұлғалық қабілетінің дамуына да әсер етеді. Яғни, бала тек қана ойынмен күнді жоспарламай, арнаулы шеберлігін шыңдауға бағытталған апталықтар мен сайыстарға қатыса отырып, өзінің жетістікке қабілеттілігін сезіну арқылы, белгілі деңгейде қалыптаса алады.

Тажибекова Г.П балабақша педагогтары өздерінің жылдық есебімен таныстырды жобаға қосып алушылар болған жоқ. Барлық топ тәрбиешілері жыл соңына дейін атқарған жұмыстары бойынша есептерін оқып, талқылады.

Жылдық жоспарды орындалуы бойынша әр тәрбиеші өз топтарындағы балалардың мониторинг нәтижелерінің қорытынды пайыздарын шығарды.

### **Педагогикалық кеңестің шешімі:**

- 1.** Балабақшада атқарылған бір жылдық жұмыс есебі қанағаттандырарлық деп табылсын.
- 2.** Педагогтардың бір жылдық есебі толықтырылып әдістемелік кабинет қорына тапсыру.
- 3.** Жазғы сауықтыру, серуен кезінде баланың өмір қауіпсіздігін сақтау, оны жоспарлы түрде өткізуін қадағалап отыру әдіскер Тажибекова Г.П ,медбике Игиликова А.Б жүктелсін.
- 4.** Жаз мезгілінде балаларды дәруменді тағамдармен тамақтандыру дәрумендер беру медбике Игиликова А.Б жүктелсін.
- 5.** Жазғы көгалдандыру жұмыстарын меңгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Төлебасиева Ә.Д жүргізу, аула тазалығын қадағалау міндеттелсін.

**Педкеңестің төрайымы:**

**Хатшы**

**Сыздықбекова Ж.С**

**Тажибекова Г.П**